

№2 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

Күні: 21.10.2025

Өткізілген орны: «Амина» бөбекжайы

Қатысқандар: 7

Педагогикалық кеңес төрағасы: Азденбаева Р.К

Хатшы: Өмірбек А

Күн тәртібі:

Өткен педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы туралы есеп.

«Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз және жайлы орта құру» тақырыбында есеп.

Баяндамашы: меңгеруші.

Дамытушы ортаны құруға берілген ұсынымдардың орындалуы туралы.

Баяндамашы: шаруашылық меңгерушісі.

Циклограмманың «Ұйымдастырылған іс-әрекет» бөлімін құрастыру бойынша ұсынымдар.

Баяндамашы: әдіскер.

1-мәселе бойынша

Өткен педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысы қаралды.

Педагогтерге берілген тапсырмалардың орындалуы талданып, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру барысында белгіленген талаптардың сақталуы қарастырылды.

Шешім:

Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау жұмыстары жүйелі түрде жалғастырылсын.

2-мәселе бойынша

Меңгеруші тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз және жайлы орта қалыптастыру жұмыстары туралы есеп берді. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, қауіпсіздік талаптарын сақтау, топ бөлмелеріндегі санитариялық-гигиеналық жағдайды қамтамасыз ету мәселелеріне тоқталды.

Сонымен қатар ерекше білім беру қажеттіліктері және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және тұлғалық дамуына қолайлы жағдай жасау қажеттілігі атап өтілді.

Шешім:

тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша қауіпсіздік шаралары тұрақты бақылауда болсын;

топтарда қауіпсіз, жайлы және қолайлы психологиялық орта қамтамасыз етілсін;

ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілерге жеке мүмкіндіктеріне сәйкес жағдай жасалсын;

қауіпсіздік талаптарының орындалуы жүйелі түрде бақылауға алынсын.

3-мәселе бойынша

Шаруашылық меңгерушісі дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны ұйымдастыру бойынша берілген ұсынымдардың орындалуы туралы ақпарат берді. Топтардағы жиназдардың орналасуы, ойын және оқу құралдарының қолжетімділігі, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ортаны ұйымдастыру мәселелері талқыланды.

Шешім:

дамытушы ортаны балалардың жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес толықтыру;

ойын және оқу құралдарының қауіпсіз әрі қолжетімді орналасуын қамтамасыз ету;

дамытушы ортаның талапқа сай болуын тұрақты бақылау.

4-мәселе бойынша

Әдіскер циклограмманың «Ұйымдастырылған іс-әрекет» бөлімін құрастыру бойынша ұсынымдар берді. Ұйымдастырылған іс-әрекетті жоспарлау кезінде тәрбиеленушілердің

кіріктіру қажеттілігі айтылды.

Шешім:

циклограмманың «Ұйымдастырылған іс-әрекет» бөлімі белгіленген талаптарға сәйкес құрастырылсын;

жоспарлау барысында тәрбиеленушілердің жас және жеке ерекшеліктері ескерілсін;
ұйымдастырылған іс-әрекет мазмұны балалардың белсенділігі мен дербестігін дамытуға бағытталсын;

әдіскер тарапынан циклограммалардың жүргізілуіне әдістемелік бақылау жасалсын.

Педагогикалық кеңес қаулысы:

Тәрбиеленушілердің қауіпсіздігі мен денсаулығын қорғауға бағытталған жұмыстар жүйелі түрде жүргізілсін.

Балаларға қауіпсіз, жайлы және дамытушы орта қалыптастыру қамтамасыз етілсін.

Дамытушы ортаны ұйымдастыру бойынша берілген ұсынымдардың орындалуы бақылауда болсын.

Циклограмманың «Ұйымдастырылған іс-әрекет» бөлімі әдістемелік талаптарға сәйкес жүргізілсін.

Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау меңгеруші мен әдіскерге жүктелсін.

Педагогикалық кеңес төрағасы:



Хатшы:

